

**«QAZAQ MARATHON QONAEV 2024»
жүгіру жарысына қатысуға
ЖАРИЯ ОФЕРТА**

ОФЕРТА ШАРТЫ

Алматы қ.

2024 ж.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы жария оферта Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – ҚР АҚ) 395-бабының 5-тармағына сәйкес Жарғының негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «Ұйымдастырушы» деп аталатын директор Данияр Уалиханович Қасымовтың тұлғасындағы «Super Sapienz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (БСН: 211140003132), осы жария Офертамен көзделген шарттарда бұдан әрі «Қатысушы» деп аталатын кез келген мүдделі жеке тұлғамен «QAZAQ MARATHON QONAEV 2024» жүгіру жарысына (бұдан әрі – Жарыс) қатысуға осы Шартты (бұдан әрі – «Шарт») жасасудың ресми ұсынысы болып табылады.

1.2. ҚР АҚ 395-бабының 5-тармағына сәйкес төменде баяндалған шарттар қабылданған және Ұйымдастырушының қызметтеріне ақы төленген жағдайда осы Оферта акцептін жүргізетін кәмелетке толған жеке тұлға Қатысушы (ҚР АҚ 396-бабының 3-тармағына сәйкес Оферта акцепті Офертада баяндалған шарттарда шарт жасасуға тең), ал Ұйымдастырушы мен Қатысушы бірлесіп - жария оферта шартының Тараптары болады.

1.3. Шарт Жеке тұлғаның Оферта акцепті жолымен, яғни Жеке тұлғаның Оферта шарттарын толық және сөзсіз қабылдауын білдіру арқылы жасалады.

1.4. ҚР АҚ 396-бабының 3-тармағына сәйкес Жеке тұлғаның Сайтта дәйекті түрде келесі іс-әрекеттерді (заңды маңызы бар іс-әрекеттерді) орындауы Оферта акцепті болып табылады:

1.4.1. Жеке тұлғаның осы Офертаны акцептеу сәтіндегі осы Оферта шартының Сайттағы «Құжаттар» қосымша бетінде орналастырылған өзекті редакциясымен танысуы.

1.4.2. Жеке тұлғаның Оферта шарттарымен танысу фактісін растауы және Сайт арқылы оның шарттарымен келісімін білдіруі.

1.4.3. Осы Офертаға сәйкес белгіленген тіркелу жарнасын Сайт ұсынған тәсілдердің бірімен төлеуі.

1.5. Ұйымдастырушының Жеке тұлғадан Оферта акцептін алған сәті осы Шартты жасасу сәті болып есептеледі. Шартты жасасу орны Алматы қаласы болып саналады.

1.6. Оферта акцепті жасалғанға дейін Жеке тұлға осы Офертаның барлық шарттарымен танысуға міндетті. Оферта акцептін жасаған Жеке тұлға Офертаның барлық шарттарымен олар Оферта мәтінінде баяндалғандай танысқан және келіскен болып есептеледі және ҚР АҚ сәйкес Ұйымдастырушымен шарттық қатынастарға түскен тұлға ретінде қаралады. Бұл ретте осы Шарт ҚР АҚ сәйкес осы Офертаның шарттарында жазбаша нысанда жасалған болып есептеледі және екі Тарап қол қойған Шартпен тең болып табылады. Оферта талаптарын қабылдай отырып, Қатысушы осы Шартты жасасу үшін өзінің құқықтық- және әрекетке қабілеттілігін, қаржылық ауқаттылығын толық растайды, сондай-ақ осы Шартты жасасу нәтижесінде оған жүктелген міндеттемелер үшін жауапкершілікті ұғынады.

1.7. Осы Оферта акцептін жасаған Жеке тұлға автоматты түрде Жарысқа Қатысушы мәртебесін алады және осы Шартқа енгізілген барлық шарттар мен ережелерді қатаң сақтауға міндеттенеді және оларды сөзсіз және толық көлемде қабылдайды.

1.8. Акцепт Ұйымдастырушының Интернет-сайттарында мына мекенжайда: <https://www.qazaqmarathon.kz/> жасалады.

1.9. Осы жария офертаның мақсаты: «QAZAQ MARATHON 2024» спорттық іс-шарасын ұйымдастыру және өткізу.

2. АНЫҚТАМАЛАР

Егер Жария офертадан өзгеше туындамаса, төменде көрсетілген терминдер мынадай мағынада пайдаланылатын және қолданылатын болады:

Жария оферта (бұдан әрі – Оферта) – Сайтта жарияланған, Ұйымдастырушының ресми ұсынысын білдіретін, шектеусіз және белгісіз тұлғалар тобына, әрекетке қабілетті кез келген Жеке тұлғаға арналған, Іс-шараға қатысуға ұсынысты және осыған байланысты осы Оферта

талаптарында Ұйымдастырушымен Шарт жасасу ұсынысын қамтитын осы құжат және оның барлық қосымшалары.

Ұйымдастырушы – осы Офертаға сәйкес Жарысты ұйымдастыру және өткізу міндеттемесін алған «**Super Sapienz**» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН: 211140003132).

Жеке тұлға – Жарысқа Қатысушы болуға және осы Офертаға сәйкес және осы Офертаның шарттарында Ұйымдастырушымен Шарт жасасуға ниет білдірген Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы немесе шет мемлекеттің әрекетке қабілетті азаматы.

Оферта акцепті – Қатысушының осы Оферта шартының барлық талаптары мен ережелерін толық және міндетті қабылдауы. Оферта жіберілген Қатысушының оны қабылдағаны туралы жауабы акцепт деп танылады. Акцепт толық әрі бұлтарыссыз болуға тиіс. Егер заң құжатынан, іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардан немесе тараптардың бұрынғы іскерлік қатынастарынан өзгеше туындамаса, жауап қайтармау акцепт болып табылмайды. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе немесе офертада көрсетілмесе, офертаны алған тұлғаның оны акцептеу үшін белгіленген мерзімде шарттың көрсетілген талаптарын орындау бойынша іс-әрекеттер жасауы (тауарларды тиіп-жөнелту, қызметтер көрсету, жұмыстарды орындау, тиісті соманы төлеу және т. б.) акцепт болып есептеледі. Егер акцепті кері қайтарып алу туралы хабарлама офертаны жіберген тұлғаға акцептің өзінен бұрын немесе онымен қатар келсе, акцепт алынбаған болып есептеледі.

Қызмет – осы Офертаның шарттарында Жарысты ұйымдастыру және өткізу.

Тапсырыс – осы Офертада көрсетілген Жеке тұлғаның осы Офертаның шарттарында Ұйымдастырушымен Шарт жасасу жөніндегі заңды маңызы бар іс-әрекеттері.

Тіркелу жарнасы (Жарысқа қатысу құны) – мөлшері Жеке тұлғаның Тапсырысты рәсімдеу кезінде таңдаған жүгіру қашықтығына байланысты белгіленетін, Жеке тұлға осы Офертада көзделген мақсаттар үшін Ұйымдастырушыға төлейтін осы Офертада көзделген міндетті төлем.

Қатысушы – осы Офертаның талаптарына сәйкес келетін, осы Офертаға сәйкес және осы Офертаның шарттарында Жарысқа жеке қатысу мақсатында Ұйымдастырушымен Шарт жасасқан кәмелетке толған жеке тұлға.

Жарыс – Ұйымдастырушы осы Офертаның шарттарында ұйымдастыратын және өткізетін, келесі кезеңдерден тұратын: 1) Жарыстың ашылу салтанаты; 2) Жарысқа қатысушылардың жүгіруі; 3) Жарыс жеңімпаздарын марапаттау; 4) Жарыстың жабылу салтанаты, «QAZAQ MARATHON QONAEV 2024» жүгіру жарысы:

Жүгіру жарысын өткізу регламенті – Сайтта жарияланған, Жарысты өткізу тәртібінің сипаттамасын, Қатысушыларға қойылатын негізгі талаптарды, Жарысқа қатысу құнын, сондай-ақ жүгіру туралы өзге де шарттар мен мәліметтерді қамтитын құжат.

Жүгіру – халықты тұрақты түрде дене шынықтырумен және спортпен айналысуға тарту, жүгіруді танымал ету, жүгіруден мықты Қатысушыларды анықтау мақсатында ұйымдастырылған жүгіруден спорттық Жарыс. Әрбір Қатысушының қашықтықты өту уақытын (таймингін) жеке анықтай отырып, Жарысқа Қатысушылардың әртүрлі қашықтықтарға (3 км, 5 км, 10 км) жүгіру жарысы.

Сайт – Жарыстың барлық ресми және құқық белгілеуші құжаттары, сондай-ақ Интернет желісіндегі Жарысқа Қатысушыларды Жарыс туралы, оны өткізу барысы, оның нәтижелері туралы хабардар ететін құжаттар орналастырылған, Интернет желісінде Ұйымдастырушыға тиесілі парақшаның сілтемесі бар және Интернет желісіндегі мына мекенжай бойынша орналастырылған <https://www.qazaqmarathon.kz/> бағдарламалық-аппараттық кешен. Оферта мақсатында домен (домендік атау) деп Ұйымдастырушы заңды негізде пайдаланатын және Жеке тұлғалардың/Қатысушылардың Сайтқа және бағдарламалық модульдерге тиісінше қол жеткізуі үшін қызмет ететін «Интернет» желісіндегі бірегей мекенжай деп түсініледі. Ұйымдастырушы <https://www.qazaqmarathon.kz/> домендік атаудың әкімшісі және оған құқықтардың барлық кешенінің иесі болып табылады.

Жеке кабинет – тіркелгеннен/авторизациядан кейін Қатысушыға қолжетімді функционалды пайдалануға мүмкіндік беретін Сайттың бөлімі.

Дербес деректер – тікелей немесе жанама белгілі бір немесе анықталатын Жеке тұлғаға/Қатысушыға (Дербес деректер субъектісіне) қатысты кез келген ақпарат.

Дербес деректерді өңдеу – «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 21.05.2013 ж. № 94-V Заңының 7 және 8-баптарын орындау үшін Қатысушы

Жарысқа қатысу үшін тіркеу нысанын толтыра отырып және осы Шартқа қосыла отырып, соның ішінде <https://www.qazaqmarathon.kz/> интернет-платформасының операторы болып табылатын Ұйымдастырушыға өзінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін береді.

Дербес деректерді жинауды, жазуды, жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңартуды, өзгертуді), алуды, пайдалануды, беруді (таратуды, беруді, қол жеткізуді), иесіздендіруді, бұғаттауды, өшіруді, жоюды, жою қоса алғанда, дербес деректермен автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе мұндай құралдарды пайдаланбай жасалатын кез келген әрекет (операция) немесе әрекеттер (операциялар) дербес деректерді өңдеу болып табылады.

Оферта «Интернет» ақпараттық-телекоммуникациялық желісінде (бұдан әрі – «Интернет» желісі) <https://www.qazaqmarathon.kz/> сайтының (бұдан әрі - «Сайт») «Құжаттар» қосымша бетінде орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді. Ұйымдастырушы Оферта шарттарына өзгерістер енгізу және/немесе өз қалауы бойынша кез келген сәтте Қатысушыны қандай да бір арнайы ескертусіз Офертаны кері қайтарып алу құқығын өзіне қалдырады. Ұйымдастырушының Офертаға енгізген өзгерістер, егер өзгерістердің күшіне енуінің өзге мерзімі осындай орналастыру кезінде қосымша айқындалмаса, «Интернет» желісіндегі сайтта «Құжаттар» қосымша бетінде өзгерістер орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді. Қатысушы Ұйымдастырушының Офертаға енгізген өзгерістерін күн сайын дербес қадағалап отырады. Осы Офертаның мәтініне өзгерістер енгізілгеннен кейін сөрелік пакетті алу және Қатысушының Ұйымдастырушының Қызметін өзге де жолмен пайдалануы да Ұйымдастырушы енгізген өзгерістерді ескере отырып, Оферта акцептін білдіреді.

Егер Сіз осы Офертаның шарттарымен толық немесе ішінара келіспесеңіз - Сайтты пайдаланбаңыз және Ұйымдастырушы ұсынатын Қызметті пайдалану мүмкіндігінен бас тартыңыз.

3. ШАРТТЫҢ МӘНІ

3.1. Ұйымдастырушы 2024 жылы ұйымдастырған «QAZAQ MARATHON QONAEV 2024» спорттық Жарысына қатысуға ниет білдірген тұлғаға Қатысушы ретінде тіркеу жөніндегі қызметтерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, осы Шартта, Жарысты өткізу Регламентінде көзделген тәртіппен және шарттарда Жарысты ұйымдастыру және өткізу түріндегі қызметтерді ұсыну Осы Шарттың мәні болып табылады.

3.2. Жарыс аясында Қатысушы осы Офертаның шарттарында төмендегі Іс-шаралар өткізілетін жерде жеке өзі қатысуға құқық алады:

3.2.1. Жарыстың ашылу салтанаты;

3.2.2. Жарысқа Қатысушылардың жүгіруі;

3.2.3. Жарыс жеңімпаздарын марапаттау;

3.3. Жарысты өткізу шарттары, оның ішінде: өткізу орны, өткізу күні, өткізу уақыты, Жүгіруге рұқсат беру шарттары, сондай-ақ басқа шарттар, - осы Оферта акцепті сәтіндегі өзекті редакцияда Офертаға қосымша, оның ажырамас бөлігі болып табылатын және «Интернет» желісіндегі Сайтта «Құжаттар» қосымша бетінде орналастырылған Жарысты өткізу туралы ережеде көрсетілген.

4. ТІРКЕЛУ ЖАРНАСЫ (ІС-ШАРАҒА ҚАТЫСУ ҚҰНЫ) ИЖӘНЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ

4.1. Тіркелу жарнасының мөлшері (Жарысқа қатысу құны) Тапсырысты рәсімдеу (Жарысқа тіркелу) кезінде Жеке тұлға таңдаған Жүгіру қашықтығынан туындайды және мынаны құрайды:

4.1.1. 3 км қашықтық үшін – 5 000 (бес мың) теңге (10 жастан 14 жасқа дейінгі Қатысушылар үшін қашықтық)

4.1.2. 5 км қашықтық үшін – 8 000 (сегіз мың) теңге (15 және одан жоғары жастағы Қатысушылар үшін қашықтық).

4.1.3. 10 км қашықтық үшін – 10 000 (он мың) теңге (15 жастан асқан Қатысушылар үшін қашықтық).

4.1.4. 10 км скандинавиялық жүріс қашықтығы үшін – 10 000 (он мың) теңге (15 жастан асқан Қатысушылар үшін қашықтық).

4.2. Қатысушыны Жарысқа тіркеу тіркелу жарнасын (бұдан әрі – «Қатысу ақысы немесе Сөрелік жарна») толық төлеген кезде сәтті аяқталды деп есептеледі, содан кейін Сайт Жеке тұлғаны автоматты түрде төлем шлюзіне қайта бағыттайды, онда Жеке тұлға тіркелу жарнасын төлеудің ұсынылған тәсілдерінің бірін таңдайды: «Банк картасы (Master Card, Visa). Төлем жасалмаған тіркеу 5 (бес) күнтізбелік күннен кейін автоматты түрде жойылады.

4.3. Ақшалай қаражатты ұлттық валюта-теңгеде Ұйымдастырушының есеп шотына аудару Тіркелу жарнасын төлеу сәті болып есептеледі.

4.4. Тіркелу жарнасы Жарысқа қатысуға ниет білдірген Жеке тұлғаның тіркелу жарнасын (комиссиялар, сервистік алымдар және үшінші тұлғалардың пайдасына басқа да ықтимал сыйақылар) төлеу кезінде электрондық төлем құралдарын, соның ішінде тіркелу жарналарына ақы төлеуді қабылдау мақсатында ұйымдастырушының агенттермен және/немесе субагенттермен жасасқан шарттары бойынша пайдалануға арналған шығындарды қамтымайды. Бұл шығындарды Жеке тұлға жеке өзі және өз есебінен көтереді.

4.5. Жарысқа қатысуға байланысты Жеке тұлғаның көліктік және өзге де шығыстары осы Офертадағы Жарысқа қатысу құнына енгізілмеген және Ұйымдастырушы тарапынан өтелмейді.

4.6. Тіркелу жарнасын төлеуді жүзеге асыра отырып, Жеке тұлға осы Офертамен, соның ішінде оған барлық қосымшалармен өзінің толық және сөзсіз келісімін растайды.

4.7. Ұйымдастырушы осы Офертаға сәйкес алынған Қатысушылар үшін әрқайсысы мынадай керек-жарақтардан тұратын сөрелік пакеттерді дайындауға арналған тіркелу жарналарын пайдаланады:

4.7.1. Бір сөрелік нөмір;

4.7.2. Бір нәтижені бекіту чипі;

4.7.3. Бір сөмке

4.7.4. Төрт түйреуіш.

Әрбір Қатысушының сөрелік пакетінің құрамына кіретін жоғарыда аталған керек-жарақтарды дайындау және жинақтау Ұйымдастырушының тапсырысы бойынша жүргізіледі. Бұл ретте Ұйымдастырушы Қатысушымен алдын ала келісусіз жоғарыда көрсетілген керек-жарақтардың орындаушысын, материалдарды, түстерді және басқа да параметрлерін дербес таңдайды.

4.8. Қатысушы Ұйымдастырушы одан алған ақшалай қаражаттың жүгіру Жарысына, қажетті құрал-жабдықтарды, материалдарды сатып алуға, жүгіру жолындағы Қатысушыларға көліктік қызмет көрсетуге, медициналық қамтамасыз етуге, трассаны дайындауға және белгілеуге, судьялар мен қызмет көрсетуші персоналға ақы төлеуге, жүгіру жолындағы Қатысушыларға арналған тамақтану пункттерін қамтамасыз етуге, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттауға, спорттық атрибуттарды дайындауға, Қатысушылардың сөре орнына трансферттерге, өзге де шығыстарға жұмсалатынын түсінеді және растайды, осыған байланысты, соның ішінде еңсерілмейтін күш мән-жайларына байланысты Қатысушының Жарысқа қатысуы мүмкін болмаған жағдайда ақшалай қаражатты толық қайтару мүмкін емес.

4.9. Ұйымдастырушы тіркелу жарналарын қайтаруды жүзеге асырмайды, соның ішінде мынадай жағдайда:

4.9.1. Қатысушы Жарысқа және/немесе жүгіруге Жарыс және/немесе жүгіру өткізілетін жерден болжалды немесе болжалды емес кету салдарынан, сондай-ақ Қатысушының немесе оның туысының күтімін талап ететін ауруына байланысты қатыса алмаса;

4.9.2. Қатысушы Жүгіру қашықтығын аяқтай алмаса немесе белгіленген уақыт шегіне жете алмаса.

4.10. Ұйымдастырушы Жарыстың фото және бейнетүсірілімін жүзеге асырады. ҚР АҚ 145-бабына сәйкес, ҚР АҚ 15-бабының 8-тармағының талаптарын ескере отырып, спорттық Жарыстарды, сондай-ақ Ұйымдастырушының қызметін танымал ету мақсатында Қатысушы Ұйымдастырушыға өзінің келісімін береді:

4.10.1. Ұйымдастырушының және/немесе Ұйымдастырушының атынан және/немесе мүдделері үшін әрекет ететін үшінші тұлғалардың Қатысушының (фотосурет және/немесе бейнеролик), Қатысушының Жарысқа қатысу процесі бейнесінің бейне және фототүсірімін жүзеге асыруына;

4.10.2. Ұйымдастырушыға Қатысушының атын пайдалануға, Қатысушының бейнесін және/немесе Қатысушы бейнеленген Жарыс нәтижесінде алынған басқа да аудио-, бейне-, фотоматериалдарды пайдалану мерзімі мен аумағы бойынша шектеусіз кез келген тәсілмен және кез келген құралдармен жариялауға, жаңғыртуға және таратуға, соның ішінде аталған материалдарды редакциялау және оны үшінші тұлғаларға беру құқығына.

4.11. Қатысушы осы келісімді өтеусіз негізде белгісіз мерзімге береді және әрі қарай Ұйымдастырушыдан қандай да бір түрде өтемақы талап етуге құқығы жоқ.

4.12. Осы Шарттың талаптарын қабылдай отырып, Қатысушы Ұйымдастырушы өткізілетін Жарысты жариялау үшін Жарысқа Қатысушылардың да, Жарысты өткізу процесінің де фото және/немесе бейнетүсірілімін жүргізетін және тиісінше өзінің фото/бейне банкінің қалыптастыратын кәсіби фотографтар мен бейне операторларды тарта алатынын түсінеді. Қатысушы Жарысты өткізу кезінде алынған фото және/немесе бейнематериалдар пайдаланылатынын және Қатысушы сондай фото/бейне банктерге түскенін түсінеді және оған өз келісімін береді. Қатысушы Жарыстың фото және/немесе бейнематериалдарын өз қалауы бойынша Ұйымдастырушыдан бөлек тұлғалардан – фото/бейне банктердің иелерінен дербес сатып алуы мүмкін. Қатысушы осындай фото/бейне банктерде фото және/немесе бейнематериалдарды орналастыру бойынша барлық сұрақтарды осы ресурстардың иелеріне дербес жіберуі тиіс. Ұйымдастырушы мұндай фото / бейне иелерінің әрекеттері үшін жауапты болмайды.

5. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

5.1. Ұйымдастырушы міндетті:

5.1.1. Ұйымдастырушы осы Шарттың барлық талаптарын және Жарысты өткізу туралы ережені, Қатысушымен қол қойылған өзге де құжаттарды, Жарыс өткізілетін Қазақстан Республикасы аумағындағы заңнаманың талаптарын орындауға міндеттенеді.

5.1.2. Ұйымдастырушының осы Шарт бойынша міндеттемелері Жарысты өткізу туралы регламентте белгіленген Жарысты өткізу мерзімінде күшінде болады.

5.1.3. Ұйымдастырушы Жарысқа Қатысушылардың өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ олардың мүлкінің сақталуына жауапты болып табылмайды. Қатысушы Жарыстың айтарлықтай физикалық жүктемемен және кез-келген адамның денсаулығына төнетін қауіппен, соның ішінде Ұйымдастырушы ықпал ете алмайтын әртүрлі объективті және субъективті жағдайлардың (ауа-райы жағдайлары, Қатысушының жалпы денсаулық күйі, созылмалы аурулардың болуы және оларға бейімділік, Қатысушының физикалық дайындығы және жүгіруге және ұқсас жарыстаға қатысу тәжірибесі, Қатысушының спорттық жабдықтарының сапасы және өзге) жиынтығымен сабақтас спорттық іс-шара екенін түсінеді және растайды.

5.1.4. Ұйымдастырушы ешқандай жағдайда Қатысушылардың немесе үшінші тұлғалардың қандай да бір әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін акцептелген Оферта бойынша жауапты болмайды және Ұйымдастырушы осындай залалдардың мүмкіндігін болжай алуына немесе болжай алмауына қарамастан Қатысушының немесе үшінші тұлғалардың қандай да бір жанама залалдарын немесе ұтылған пайдасын өтеуге міндетті емес.

5.1.5. Ұйымдастырушы Жарысты өткізу кезеңін 365 (үш жүз алпыс бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ауыстыруға және бұл туралы Қатысушыны тіркеу кезінде Сайтта берілген электрондық пошта арқылы, сондай-ақ тиісті ақпаратты Сайтта орналастыру арқылы хабардар етуге құқылы.

5.1.6. Егер Ұйымдастырушы Қатысушының осы Шарттың, Іс-шараларды өткізу туралы ереженің, Қазақстан Республикасының заңнамасының, соның ішінде спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шаралар, денсаулықты, табиғатты және қоршаған ортаны қорғау, өрт және электр қауіпсіздігі, терроризмге қарсы қорғалу саласындағы талаптарды бұзғанын анықтаса, кез келген Қатысушыны жүгіруге дайындалғанға дейін, сол сияқты Жарысты өткізу барысында жүгіру іс-шарасынан шеттетуге және қашықтықтан шығаруға құқылы. Қатысушыны Іс-шарадан шеттету Ұйымдастырушының нысаны бойынша Қатысушыны жүгіруден шеттету туралы актінің негізінде жүргізіледі.

5.1.7. Сайттың көмегімен Қатысушыға Жарыс туралы қажетті ақпаратты беруге.

5.2. Ұйымдастырушы құқылы:

5.2.1. Осы Шарттың 4-бөліміне сәйкес жеке тұлғадан тіркелу жарнасын алуға.

5.2.2. Тапсырысты рәсімдеуден бас тарту, оған жеткілікті негіздер болған кезде, оның ішінде қызмет көрсету үшін қажетті деректер болмаған, төлем карталарымен алаяқтық операциялар белгілері болған, жеке тұлға тапсырысты рәсімдеуді және/немесе тапсырысты төлеуді аяқтамаған жағдайда және өзге де жағдайларда тапсырыстың күшін жоюға.

5.2.3. Сайтқа кез келген өзгерістер енгізу, ақаулар, қателер мен ақаулар анықталған кезде, сондай-ақ профилактикалық жұмыстарды жүргізу және Сайтқа рұқсатсыз кіру жағдайларының алдын алу мақсатында оның жұмысын тоқтата тұруға.

5.2.4. Ұйымдастырушының қолдау қызметі арқылы жеке тұлғаға/Қатысушыға көмек көрсетуге.

5.3. Қатысушы міндетті:

5.3.1. Қатысушы осы Шарттың барлық талаптарын және Жарыстарды өткізу туралы ережені, Ұйымдастырушы қолын қойған өзге де құжаттарды, Қазақстан Республикасы заңнамасының, заңға тәуелді нормативтік актілердің талаптарын орындауға, сондай-ақ Ұйымдастырушының кез келген қолжетімді нысанда Қатысушыға жеткізген барлық заңды талаптарын орындауға міндеттенеді.

5.3.2. Қатысушы тіркелу жарнасын осы Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде төлеуге міндеттенеді.

5.3.3. Қатысушы Сайтта және Жарысты өткізу туралы Ережеде белгіленген мерзімде және тәртіппен Ұйымдастырушының Сайтында тіркелуге міндеттенеді.

5.3.4. Қатысушы Сайттағы міндетті тіркелу рәсімінен өтпеген, Ұйымдастырушының кінәсінен тыс кешігіп қалған немесе жүгіруге қатыспаған жағдайда, сол сияқты Қатысушы осы Офертаның немесе Жарысты өткізу ережесін бұзуына байланысты жүгіруден шеттетілген жағдайда, Ұйымдастырушының осы Офертадағы қызметтері мен міндеттемелері толық көлемде және мерзімде орындалған (жасалған) деп танылады, ал Қатысушы тіркелу жарнасын қайтаруды талап ету құқығынан айырылады.

5.3.5. Қатысушы Сайтта тіркелу кезінде өзінің қолданыстағы электрондық поштасының мекенжайын және байланыс телефонын көрсетуге міндетті. Бұл ақпарат Ұйымдастырушының Қатысушымен кері байланыс арнасы ретінде пайдаланылады. Қатысушы электрондық поштаның немесе байланыс телефонының қолданыста жоқ мекенжайын, сондай-ақ өзге де дұрыс емес дербес деректерді ұсынған жағдайда, Ұйымдастырушы міндеттемелердің толық көлемде орындалуына кепілдік бермейді және жауапты болмайды.

5.3.6. Осы Оферта акцептін жасай отырып, Қатысушы оның жүгіруге қатысуына кедергі келтіретін немесе қиындататын аурулардың, оларға бейімділіктің немесе медициналық қарсы көрсетілімдердің жоқтығын, сондай-ақ Жарысқа қатысу үшін жеткілікті физикалық және психо-эмоционалдық дайындық деңгейіне ие екенін растайды және кепілдік береді.

5.3.7. Осы Оферта акцептін жасай отырып, Қатысушы өзінің түсінгенін, ұғынғанын растайды және осылайша өзінің келісімі туралы хабарлайды:

5.3.7.1. жүгіруге қатысу жарақат алу қаупі мен тәуекелімен тікелей байланысты, соның ішінде (бірақ онымен шектелмей) аяқтың және дененің басқа бөліктерінің ауыр жарақаттары, бұл өз кезегінде ішінара немесе толық еңбек қабілеттілігін жоғалтуға әкеп соғуы мүмкін;

5.3.7.2. Қатысушының жалпы денсаулығы мен әл ауқатына нұқсан келуі мүмкін;

5.3.7.3. Қатысушыларды ақылға қонымды бақылаудың, сондай-ақ оқытудың немесе қорғаныс құралдарының ешбір көлемі барлық тәуекелдер мен қауіптерді жоққа шығара алмайды;

5.3.7.4. жүгіруге дайындық және қатысу кезіндегі тәуекел мен қауіп тек ауыр жарақатқа ғана емес, сонымен қатар Қатысушының болашақта күнелтуіне ақша табу, іскерлік, әлеуметтік немесе рекреациялық сипаттағы іс-шараларға қатысу, сондай-ақ қалыпты өмір сүру қабілетіне айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін;

5.3.7.5. жүгіруге қатысу қаупін ескере отырып, Жарысты өткізу туралы ережені, жүгірудегі жарысу күресі техникасына қатысты Ұйымдастырушының нұсқаулықтарын, сондай-ақ өзге ережелерді сақтаудың маңыздылығын түсінеді және осы нұсқаулықтарды ұстануға келіседі;

5.3.7.6. Жарысқа қатыса отырып, Қатысушы Жарысқа қатысуға байланысты барлық тәуекелдерді өзіне алады және Ұйымдастырушыны, оның қызметкерлері мен өкілдерін кез келген жауапкершіліктен және барлық (кез келген) талаптардан, талап қою негіздерінен, шоттарды төлеуден, құқық талаптарынан немесе Жарысқа қатысуға байланысты туындауы мүмкін кез келген талаптардан босатады;

5.3.7.7. Акцепттеуден кейінгі Офертаның жоғарыда көрсетілген шарттары Қатысушының өзіне тәуекелдерді қабылдауы және Ұйымдастырушының Қатысушының мұрагерлерінің, өсиетті орындаушылардың, мұра әкімшісінің, құқық мирасқорларының және Қатысушының барлық отбасы мүшелерінің Ұйымдастырушыға деген барлық қазіргі және болашақ талаптарынан, сондай-ақ Ұйымдастырушының меншігіне қатысты талаптардан босатылуы ретінде қызмет етеді;

5.3.7.8. Ұйымдастырушы Қатысушыны Қатысушы жүгіруге қатысқан кезде ауыр жарақат алуы, сал ауруына шалдығуы немесе қайтыс болуы мүмкін екендігі туралы хабардар етті, оған алдын ала ескертті және күні бұрын сақтандырды;

5.3.7.9. жоғарыда аталған Оферта шарттары маңызды сипатқа ие;

5.3.7.10. қатысушы Жарысқа қатысуға рұқсат пен келісім берді.

5.3.8. Қатысушы Сайтта тіркелу және Оферта мен Жарысты өткізу туралы регламентте көзделген өзге де іс-әрекеттерді жасау кезінде тегін, атын, әкесінің атын, телефондар мен электрондық пошта мекенжайларын, паспорттың (жеке куәліктің) нөмірін қоса алғанда өзі туралы өзекті мәліметтерді көрсетуге, сондай-ақ мұндай мәліметтердің өзгергені туралы Ұйымдастырушыға алдын ала жазбаша хабарлауға міндеттенеді, әйтпегенде Ұйымдастырушы Қатысушының осындай әрекеттері (әрекетсіздігі) салдарынан міндеттемелерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапты болмайды.,

5.3.9. Қатысушы жүгіру спорттық, ойын-сауық, мәдени іс-шара болып табылатынын, Қатысушылардың пайда табуына бағытталмағанын, Қатысушылар мен төрешілер құрамы үшін коммерциялық сипатта емес екенін және олар материалдық пайда көру үшін қызмет етпейтінін түсінеді.

5.4. Қатысушы құқылы:

5.4.1. Ұйымдастырушыдан осы Шарттың талаптарына сәйкес осы Шартта көзделген Қызметті алуға.

5.4.2. Ұйымдастырушыдан Қызмет және Тапсырыс туралы қажетті ақпаратты алуға.

6. РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ, ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ

6.1. Жеке тұлға осы Шарттың барлық талаптарымен Тапсырыс Сайтта рәсімделгенге дейін танысады. Егер Жеке тұлғаға Офертаның қандай да бір шарттары түсініксіз болған жағдайда, Жеке тұлға Тапсырысты рәсімдеу алдында Ұйымдастырушыдан өзіне түсініксіз шарттарды нақтылауға міндетті. Жеке тұлға/Қатысушы Ұйымдастырушыға Тапсырысты рәсімдеуге, Жарысқа қатысу шарттарына, немесе Жарыстың өзіне қатысты сұрақтар қоя алады:

6.1.1. info@qazamarathon.kz электрондық поштасы арқылы;

6.1.2. сайтта көрсетілген жұмыс уақытында +7 7000 42 21 10 WhatsApp арқылы.

6.2. Жеке тұлға Сайтта Тапсырысты рәсімдеуді жеке өзі жүзеге асырады.

6.3. Офертаның шарттарымен танысып, олармен келіскен жағдайда Жеке тұлға Тапсырысты Сайт арқылы мынадай тәртіппен рәсімдейді:

6.3.1. Сайт ұсынған электрондық нысанды толтыру – міндетті опциялар мен өрістерді таңдай отырып және толтыра отырып «Тіркелу», атап айтқанда:

- «Қала»: «Алматы»; «Қонаев», «Қашықтықты таңдаңыз»: «3 км», «5 км.», «10 км.» деген жазуы бар опциялардың бірін таңдау;
- жұлдызшамен («*» белгісі) белгіленген барлық өрістерді толтыру: «Тегі», «Аты», «Жынысы», «Туған күні», «Мобильді телефон», «Ел», «Қала», «E-mail», «Шұғыл байланыс»;
- құсбелгіні («v» белгісі) қою қажет барлық опцияларды таңдау: «Жарыс регламентімен және ережелерімен таныстым», «жария оферта шартының талаптарымен таныстым», – «Тіркелу» батырмасын басу.

6.4. Сайтта рәсімделген тапсырыстар түпкілікті сипатқа ие және төленуге жатады. Тапсырыстың барлық шарттары, соның ішінде рәсімделген Тапсырыстарға кез келген өзгерістер енгізу, Тапсырыстың басқа шарттары сияқты Офертамен регламенттеледі.

6.5. Ұйымдастырушының Тапсырыстарды қабылдау мерзімдері:

6.5.1. Ұйымдастырушының Тапсырыстарды қабылдауы (Жарысқа Қатысушыларды тіркеу) – 2024 жылғы «18» сәуірде ашылды.

6.5.2. Ұйымдастырушының Тапсырыстарды қабылдауы (Жарысқа Қатысушыларды тіркеу) – 2024 жылғы «17» мамырда немесе одан бұрын (егер Регламентте көрсетілген Қатысушылар санының лимитіне жетсе) аяқталады.

6.6. Ұйымдастырушы қажет болған жағдайда Жарысқа қатысуға Тапсырыстарды қабылдау мерзімін, сондай-ақ Регламентте көрсетілген Қатысушылар санының лимитін өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

6.7. Жарыс өткізілетін күні Жеке тұлғалардан тапсырыстарды қабылдау жүргізілмейді. Сөрелік пакетті Офертада белгіленген мерзімде «Интернет» ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі Сайтта электрондық тәсілмен (Оферта акцептін жасаған) тіркелген Қатысушылар ғана ала алады.

7. ЗАТТАРДЫ САҚТАУ

7.1. Жарыс өтетін жерде болған кезеңде Қатысушының жеке заттары (аяқ киім, сыртқы киім) құнды заттарды қоспағанда, Ұйымдастырушы осы үшін арнайы бөлінген жерде сақталуы тиіс. Заттар тек «QAZAQMARATHONQONAEV 2024» іс-шарасының брендтік сөмкелерінде қабылданады.

7.2. Ұйымдастырушы Қатысушыларға немесе өзге тұлғаларға тиесілі құнды заттарды (ұлттық валюта - теңгедегі және/немесе басқа валютадағы ақшалай қаражат, зергерлік бұйымдар, бағалы металдар мен асыл тастары бар бұйымдар, смартфондар, планшеттер, фотоаппараттар, бейнекамералар, квадрокоптерлер, экшн-камералар, сағаттар және басқа құндылықтар) сақтауға қабылдамайды.

7.3. Қатысушы Жарыс аяқталғаннан кейін бір сағаттан кешіктірмей Ұйымдастырушыға сақтауға қалдырылған жеке заттарын өз бетінше алып кетуі тиіс.

7.4. Жарыс өтетін жерде жоғалған заттар мен қараусыз қалған заттар үшін Ұйымдастырушы жауапты болып табылмайды және залалды өтемейді.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

8.1. Осы шартты орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар осы Шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

8.2. Жеке тұлға/Қатысушы Ұйымдастырушыға өзі туралы толық емес және/немесе анық емес деректерді, соның ішінде дербес деректерді бергені үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

8.3. Жарысты Ұйымдастырушы ұсынылатын дербес деректердің құпиялылығына және бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеуге кепілдік береді. Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес Жеке тұлғалардың/Қатысушылардың дербес деректерін өңдеуге, сақтауға және қорғауға кепілдік береді.

8.4. Ұйымдастырушы Қызмет тиісінше көрсетілмеген жағдайда, егер оның тиісінше көрсетілмеуі Қатысушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігінің, жеткіліксіздігінің немесе уақтылы болмауының салдарынан, сондай-ақ Қатысушының тарапынан осы Шарт талаптарының басқа да бұзушылықтары салдарынан туындаса жауапты болмайды.

8.5. Ұйымдастырушы ұсынылған Қызметтің Қатысушының күтулеріне сәйкес келмегені және/немесе оның субъективті бағалануы үшін жауап бермейді, мұндай күтулерге сәйкессіздік және/немесе теріс субъективті бағалау Қызметті сапасыз немесе келісілген көлемде көрсетілмеген деп санауға негіз болып табылмайды.

8.6. Ұйымдастырушы Қатысушының Тапсырысты рәсімдеу, тіркелу жарнасын төлеу, сөрелік пакетті алу, Жарысқа қатысу, сондай-ақ осы Шарт аясында Қызметті алу және пайдалану тәртібі туралы ақпаратты қате түсінуі немесе түсінбеуі нәтижесінде шеккен кез келген залалдары мен моральдық зияны үшін жауапты болмайды.

8.7. Ұйымдастырушы осы Шартта көзделген міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен болсатылады, егер бұл орындамау осы Шарт жасалғаннан кейін еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, Тараптар ақылға қонымды шаралармен алдын ала алмаған және болжай алмаған төтенше сипаттағы оқиғалардың нәтижесінде туындаған (форс-мажор), дүлей зілзалалар (жер сілкінісі, су тасқыны,

дауыл); секундына 15 метрден асатын желдің екпіні (қоса алғанда); ҚР ІІМ ТЖК шұғыл деп танитын және олардың туындауы мүмкін екендігі туралы ескерткен өзге де мән-жайлар, оқиғалар, құбылыстар; өрт; жаппай аурулар (эпидемиялар); мемлекеттік билік органдарының шектеу шаралары, соның ішінде карантин енгізу: ереуілдер; әскери іс-қимылдар, қақтығыстар мен төңкерістер; азаматтық толқулар; террористік актілер; диверсиялар; тасымалдарды шектеу; мемлекеттердің тыйым салу шаралары; халықаралық санкцияларды қабылдау салдарынан, соның ішінде жекелеген елдермен сауда операцияларына тыйым салу; мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының актілері, әрекеттері, әрекетсіздігі; сондай-ақ Тараптардың еркінен тыс, осы шарт бойынша міндеттемелерді орындауды мүмкін етпейтін, тиіс емес басқа да мән-жайлар.

8.8. Ұйымдастырушы Қатысушылардың өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ олардың мүлкінің сақталуына жауапты болмайды. Қатысушы Жарысқа өз бетінше қатысу туралы шешім қабылдайды және таңдалған Жүгіру қашықтығына өзінің физикалық мүмкіндіктерінің сәйкестігі үшін толық жауапты болады.

8.9. Ұйымдастырушы қандай да бір жағдайларда Қатысушылардың немесе үшінші тұлғалардың қандай да бір әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін акцептелген Оферта бойынша жауапты болмайды және Қатысушының немесе үшінші тұлғалардың қандай да бір жанама залалдарын немесе жоғалған пайдасын Ұйымдастырушы осындай залалдардың мүмкіндігін болжай алғанына немесе болжай алмағанына қарамастан өтеуге міндетті емес.

8.10. Ұйымдастырушы мыналар үшін жауапты болмайды:

8.10.1. жоғалған, бүлінген, дұрыс жолданбаған, толық емес, дұрыс толтырылмаған немесе кешіктірілген Тапсырыстар;

8.10.2. жұмыстағы бұзушылықтар, жабдықтың бұзылуы;

8.10.3. телефон, электрондық немесе басқа аппараттық байланыс арқылы деректерді беру кезіндегі қиындықтар немесе қателер;

8.10.4. аппараттық немесе бағдарламалық жасақтаманың дұрыс жұмыс істемеуі;

8.10.5. Жарысқа қатысатын тұлғаларға құжаттардың жоғалуына, Ұйымдастырушыға хабарлама мен құжаттарды қате мекенжай бойынша жіберілуіне, Тапсырысты өңдеудегі қателікке немесе Қатысушының жеңімпаздар тізімінде болмауына байланысты келтірген кез келген залал.

8.11. Ұйымдастырушы Қатысушының физикалық және психологиялық жағдайы, оның Жарысқа қатысуға толықтай дайын болуы үшін жауап бермейді. Өрескел абайсыздық немесе ниет жағдайларын қоспағанда. Егер Қатысушы Жарысқа қатысу кезінде өзіне зиян келтірсе, Ұйымдастырушы ол үшін жауап бермейді.

8.12. Ұйымдастырушы ықтимал түгел алынбаған пайда, түгел алынбаған табыс, хал-жағдайының нашарлауы, деректердің жоғалуы, физикалық мүмкіндіктердің шектелуі (тікелей немесе жанама), сондай-ақ Қатысушының Жарысқа, соның ішінде Жүгіруге қатысуы нәтижесінде туындаған денсаулыққа келтірілген кез келген жанама залал үшін жауапты болмайды.

8.13. Ұйымдастырушы осы Офертада белгіленген тәртіппен Ұйымдастырушыға сақтауға берілмеген, сондай-ақ қараусыз қалдырған Қатысушының мүлкінің (жеке заттарының) жоғалуына байланысты оған келтірілген залал үшін жауапты болмайды.

8.14. Ешбір жағдайда Ұйымдастырушы осы Офертада атап өтілген міндеттемелердің кідірісі немесе орындамағаны үшін жауаптылықта болмайды, егер мұндай кідірістер мен орындамаулар Ұйымдастырушының мына сияқты бақылауынан тыс (тікелей немесе жанама) мән-жайлар нәтижесінде туындаған жағдайда: жұмыстарды тоқтата тұру және ереуіл, оқиға, еңсерілмейтін күш мән-жайлары, аппараттық және (немесе) бағдарламалық жасақтаманың ету істен шығуы, байланыс арналарының жұмысындағы бұзушылықтар, билік органдары тарапынан Жарысты өткізуді келіспеу немесе билік органдары тарапынан Жарысты өткізуді келісуді кері қайтарып алу.

9. ЕРЕКШЕ ШАРТТАР

9.1. Ұйымдастырушы Жарыс аясында: суық тиген, тыныс алу жүйесінің аурулары, артық салмағы бар, созылмалы ауруларының асқыну кезеңінде, буын ауруларымен ауыратын (мысалы: артрит немесе омыртқа остеохондрозы), көру проблемалары бар (мысалы: жоғарылап бара жатқан алыстан көрмеушілік, глаукома, көздің ішкі тор қабығы және көз түбінің

аурулары), жүрек-қан тамырлары ауруларымен ауыратын (мысалы: туа біткен жүрек ақауы, жүрек ырғағының бұзылуы, жақында болған инфаркт), гипертониясы бар (жоғары қан қысымы), бронх демікпесімен, тамырлардың түйнеліп кеңеюімен ауыратын, орталық жүйке жүйесінің ауруы бар (мысалы: эпилепсия), қандай да бір аурудың болуын көрсетуі мүмкін созылмалы шаршауы бар, таңдалған қашықтыққа Жүгіруге физикалық дайындығы жоқ Жеке тұлғаларға/Қатысушыларға, сондай-ақ жүкті әйелдер мен етеккірі көп келетін әйелдерге Жүгіруге қатысуға кеңес бермейді.

9.2. Ұйымдастырушы Жеке тұлғаға осы Офертаны қабылдағанға (акцептке) дейін, сондай-ақ Қатысушыға тікелей Жүгіру алдында Жүгіруге медициналық қарсы көрсетілімдердің болу фактісін анықтау мәніне дербес медициналық тексеруден өтуді қатаң түрде ұсынады. Жүгіру алдында бір немесе бірнеше медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайда, Ұйымдастырушы Жеке тұлғаға/Қатысушыға Жарыс шеңберінде Жүгіруге қатысудан бас тартуды ұсынады.

9.3. Ұйымдастырушы Жеке тұлғаға осы Офертаны қабылдаудан (акцептеуден) бұрын өзінің дене-күш мүмкіндіктеріне сәйкес келетін жарыс қашықтығын таңдауды ұсынады.

9.4. Жүгіруге қатысу үшін бір немесе бірнеше қарсы көрсетілімдердің болу фактісі анықталған жағдайда Жеке тұлға/Қатысушы бұл туралы (Офертаны қабылданғанға (акцептке) дейін де, сондай-ақ Жүгіру басталғанға дейін де) оны өткізілетін Жарыс аясында Жүгіруге жіберу немесе жібермеу туралы шешім қабылдау үшін Ұйымдастырушыға жазбаша хабарлауға міндеттенеді. Жеке тұлғадан/Қатысушыдан мұндай хабарлама түспеген жағдайда, Жеке тұлға/Қатысушы Оферта акцептін жүзеге асыра отырып және Жарыс өтетін жерде сөреге (Жүгіруге қатыса отырып) шыға отырып, Ұйымдастырушыға оның Жүгіруге қатысуға медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ екенін және оның дене-күш дайындығы өзі таңдаған Жүгіру қашықтығына сәйкес екенін автоматты түрде растайды. Медициналық тексеруден өтпей және/немесе Ұйымдастырушыға Жүгіруге қатысу үшін қолда бар медициналық қарсы көрсетілімдер туралы жазбаша хабарламай, Жеке тұлға/Қатысушы сол арқылы оның өмірі мен денсаулығына зиянның ықтимал келтірілуіне қатысты барлық тәуекелдерді өзіне алады.

9.5. Қалай болғанда да, Жеке тұлға Оферта акцептін жүзеге асыра отырып, Ұйымдастырушыға денсаулық және қатысу туралы қолхат беруге міндеттенеді. Ескертпе: толтыру үшін өтініш нысанын (қолхат) Іс-шараны Ұйымдастырушы ұсынады.

9.6. Билік органдары Жарысты өткізуге, соның ішінде жаңа коронавирустық инфекцияның (COVID-2019) таралуына байланысты жоғары талаптар белгілеген жағдайда, Жеке тұлға/Қатысушы оларды ескеруге және мүлтіксіз сақтауға (әлеуметтік қашықтықты сақтауға және тыныс алу органдарын қорғайтын медициналық маска киюге (сөрелік пакеттер берілген жерде және Жарыс өтетін жерде), вакцинацияланған немесе жаңа коронавирустық инфекциямен ауырған адамның қолданыстағы сертификатын (QR-код), ПЦР-тестін, жеке басын куәландыратын құжаттың қолда болуы және/немесе Жарыс үшін міндетті болып табылатын өзге де талаптарды орындауға) міндеттенеді.

9.7. Жеке тұлға Сайтта Тапсырысты рәсімдеу кезінде Жеке тұлға көрсеткен электрондық пошта мекенжайына және байланыс телефонына Ұйымдастырушыдан ақпараттық таратылымдар мен жарнамалық материалдарды алуға келісім береді. Жеке тұлға/Қатысушы Ақпараттық таратылымдар мен жарнамалық материалдарды алуға келісімді Ұйымдастырушыға тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы кез келген уақытта кері қайтарып ала алады.

9.8. Тараптар осы Шартты жасасу кезінде олар үшін мынадай шарттар елеулі болып табылмайтынын растайды:

9.8.1. Жарыстың өтетін орны, күні және уақыты;

9.8.2. Сөрелік пакеттерді беру орны, күні және уақыты. Бұл ретте Тараптар Жарыс Қонаев қаласында өткізілуі тиіс деп келіседі.

10. ФОРС-МАЖОР

10.1. Тараптар, егер тиісті орындау еңсерілмейтін күш мән-жайларының, яғни: дүлей құбылыстар, өрттер, дауылдар, әскери іс-қимылдар, революциялар, ереуілдер, заңнамадағы өзгерістер, осы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына кедергі келтіретін нормативтік актілерді қабылдау сияқты төтенше және алдын алуға болмайтын жағдайлардың салдарынан мүмкін болмаса, осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін ішінара, толық орындамағаны немесе

тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Тараптар сондай ақ еңсерілмейтін күш мән жайларына билік органдары тарапынан Жарысты өткізуді келіспеуді немесе билік органдары тарапынан Жарысты өткізуді келісуді кері қайтарып алуды жатқызады.

10.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде мұндай мән-жайларға сілтеме жасайтын Тарап екінші Тарапқа көрсетілген мән-жайлардың басталғаны туралы хабарлауға міндетті. Олай болмаған жағдайда Тарап аталған мән-жайларға Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін оны жауапкершіліктен босату негіздемесі ретінде сілтеме жасау құқығынан айырылады. Ұйымдастырушы Сайтта еңсерілмейтін күштің туындаған мән жайлары туралы тиісті ақпаратты орналастыру арқылы Қатысушыны хабардар етуге құқылы.

10.3. Мұндай мән-жайлар туындаған кезде міндеттемелерді орындау мерзімі мұндай мән-жайлар әрекет еткен уақытқа пропорционалды түрде кейінге қалдырылады.

11. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

11.1. Осы Шарттың ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

11.2. Тараптар осы Шартты орындау немесе түсіндіру нәтижесінде туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер жүргізу немесе хат алмасу жолымен шешу үшін барлық мүмкін шараларды қабылдауы тиіс.

11.3. Тараптар осы Шарт аясындағы барлық келіспеушіліктер мен дауларды келіссөздер жүргізу жолымен шешеді, даулар Ұйымдастырушының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешілуі тиіс. Қолданылатын құқық - Қазақстан Республикасының материалдық құқығының нормалары.

12. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

12.1. Осы Шарт осы Шарттың 3.1-тармағында белгіленген тәртіппен Қатысушы оны акцептеген сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін немесе ол бұзылған сәтке дейін қолданылады.

12.2. Осы Шарт ашық және жалпыға қолжетімді құжат болып табылады және Ұйымдастырушының (<https://www.qazaqmarathon.kz/>) сайтында өзгертілген нұсқасын жариялау арқылы өзгертілуі мүмкін. Егер Қатысушы енгізілген өзгерістерге байланысты осы Шартты бұзу туралы ұсыныспен Ұйымдастырушыға (немесе оның өкіліне) жүгінбесе, онда Қатысушы жарияланған өзгерістерді қабылдаған болып есептеледі.

12.3. Тараптардың бірінің деректемелері, оның ішінде электрондық пошта мекенжайы өзгерген жағдайда, ол бұл туралы екінші Тарапты дереу хабардар етуге міндетті. Әйтпесе, Тараптың бұрынғы деректемелер бойынша міндеттемелерді орындауы Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындауы болып есептеледі. Ұйымдастырушы электрондық пошта мекенжайының өзгергені туралы Сайтта тиісті ақпаратты орналастыру арқылы Қатысушыны хабардар етуге құқылы.

12.4. Жеке тұлға Оферта акцептін жүзеге асыра отырып, Сайтта тапсырысты ресімдеу кезінде көрсетілген электрондық поштаға электрондық нысанда дербес қол жеткізе алатынын растайды және Тараптар осы Шартты толық орындағанға дейін оны үшінші тұлғаларға бермей, оның құпиялылығын сақтауға міндеттенеді.

12.5. Осы Шарт Тараптардың келісімі бойынша, сондай-ақ осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша бұзылуы мүмкін.

12.6. Оферта акцептін жүзеге асыра отырып, Жеке тұлға осы Офертаның барлық шарттарымен, барлық салықтар мен алымдарды қоса алғанда, төлеуге берілетін қорытынды сомамен толық және сөзсіз келіседі.

12.7. Егер қандай да бір ереже құзыретті сотпен немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жарамсыз деп танылған жағдайда, онда мұндай ереже (заңсыз немесе жарамсыз бөлігінде) осы Шартқа енгізілмеген болып есептеледі, бірақ осы Шарттың қалған ережелерінің жарамсыздығына әкеп соқпайды.

13. ІС-ШАРАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ:

«Super Sapienz» ЖШС

БСН: 211 140 003 132

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі, 263 үй.

Нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абылай хан даңғылы, 141, 213 кеңсе.

дүйсенбі-жұма: 09:00-18: 00.

Банк деректемелері: ЖСК/ IBAN (KZT): KZ61551B427007784KZT

«Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ банкі

БСК/SWIFT KSNVKZKA

Электрондық пошта: info@qazaqmarathon.kz

Телефон / WhatsApp: +7 7000 42 21 10

Әлеуметтік желілер:

<https://www.instagram.com/qazaqmarathon/>

<https://www.facebook.com/profile.php?id=61557668045818>

<https://www.linkedin.com/company/qazaq-marathon/>